

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қонақова К.Ө¹, п.ғ.д., профессор

Ерғазы А.А.², магистрант

^{1,2}Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ, Алматы, Қазақстан e-mail:
e_symbat@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі пәнінде коммуникативті құзыреттілігі қарастырылады. Автор осы құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылатын қазіргі заман технологияларға назар аударады. Осы мақаланың өзектілігі бүгінгі күні білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі пәнінде коммуникативтік құзыреттілігін артырудың тиімді жолдарын қарастыру болып табылады. Мақалада зерттелетін мәселе бойынша ғылыми-зерттеу әдебиеттеріне салыстырмалы талдау жасалып, осы мәселеге қосымша көзқарастарды жобалау және коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру жүйесін жетілдіру туралы қажетті тұжырымдар жасалды.

Тірек сөздер: Құзырет, әдіснама, бастауыш сынып оқушылары, коммуникативтік, қатынас, толеранттық, заманауи технологиялар, ақпараттандыру, білім беруді ақпараттандыру, педагогикалық диагностика.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына жолдауында біздің ұзақ мерзімді мақсаттарымыз өзгеріссіз қала беретінін, білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиістігін, сонымен қатар Қазақстандықтардың мақсаты, болашағы – қазақ, орыс, ағылшын тілін еркін меңгеруінде екендігін атап айтты [1].

Яғни, бұл мақсатқа жету мақсатында қандай жолдарды қарастыру керек, міне осы мәселеге тоқтала кетсек. Қазіргі таңда үш тілді меңгерту жолындағы бастама мектепке дейінгі тәрбиеленушілерден басталып, бастауыш сыныптардан бастап - жазу, сөз жаттау, сұрақтарға жауап беруде және де мұғалімнің кәсіби шеберлігінің арқасында бастауыш сыныптарда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің даму үстінде. Оқу материалдарын оқушылардың дайындық деңгейлеріне қарай сұрыптап ұсыну, сабақтың типі мен түрін оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдау, мақсаттарды және күтілетін нәтижені анықтау, оқу біліктілігін жетілдіру. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Оның пайымдауынша, құзыреттілік термині грамматика білімдеріне негізделеді. Жалпы алғанда, құзыреттілік

дегеніміз- жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс- әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі .

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылықты дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілік негізінен бастауыш сынып оқушыларын оқыту үрдісінде қалыптасады.

Қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов «Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өзбетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады» деп нақтыласа, Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде «Тіл адам жанының тілмашы, тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады» деп жазады [2].

Жалпықұзыреттілік дегеніміз- оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатысымдық әдістің маңызы зор.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Осыдан барып, «комуникабельді» -тез тіл табысады, түсінуге бейім, «комуникабельдік»-түсінушілік т.б. деген сөздер пайда бола бастады.

Ғалым «коммуникация» сөзін «қатысым» деп танып, қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңадан «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым» және т.б.терминдерді енгізді.

Коммуникативтік құзыреттілік (құзыреттілік латынның «competenens» - қабілетті, қатысты деген мағынада) –жұппен және топпен жұмыс істеу білігімен, ұжымдық шешім таба білуімен,мәселені ұжымдық талқылауға қатысуымен, өз пікірін кішіпейілділікпен дәлелдеумен сипатталады. Оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің

нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінсе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ – жауап (мұғалім мен оқушылар)
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы)
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс).

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың.

- Қатысым және жазылым қарым – қатынасын қалыптастыруға
- Сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге

Жеке тұлғаның құзыреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады

Бастауыш сынып оқушылары коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан екінші адаммен, сыныптасымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізілді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл- оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санауға болады .

Диалог-екі жақты құбылыс. Қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әртүрлі ерекшеліктері болады:

- күнделікті тұрмысқа байланыстылығы;
- ресми қарым-қатынасқа құрылуы;
- ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;
- эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлілігі;
- сөйлемдердің ықшамдалуы;
- сөйлейтін сөздің алдын-ала жоспарланбауы;
- ауыз-екістілінің ерекшеліктерінің басым болуы.

Оқу бағдарламасында коммуникативтік құзырет деңгейіндегі диалогқа қойылатын талаптар тұрғысынан белгіленгені:

- сөйлеу мәдениетін игеру, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алу;
- экология, тарих, өз қаласы, мәдениет тақырыптары, белгілі адамдар туралы сөйлесе алу;
- айтылған әңгіме, оқылған мәтін, кітап, өнер, кино туралы өз ойын білдіру; [3].

Диалог репликалардан құралады, оның бәрі – сөйлеуге уәж жасайтыны, екіншісі-жауап ретіндегі реакция-реплика. Диалогта ой ауысып отыратыны белгілі, сондықтан әңгімелесушілер –бір-бірімен ақпарат ауысып

отырады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімелесуге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді т.б.).

Оқушылардың тілінде болатын фонетикалық т.б. қателер диалогта кездесетіні байқалады, сондықтан тілдік жағынан диалогтің дұрыс құрылуына баса мән беріледі.

Күнделікті сабақта жаңа материалдарды оқытқанда және бекітукезінде, жаттығуларды ұйымдастыруда, оқығанды және тыңдағанды тексеру үшін диалогтік әдісті қолданамыз. Осының бәрін әңгіме түрінде іске асырып отырамын. Әңгімелесе білу диалогтік тілді үйретуде соңғы нәтижеге жететін біліктілік болып табылады.

Диалогтік әдісті қолдана отырып оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамын. Әртүрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамын. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземін.

Тілдік міндет пен жағдаятқа сәйкес бастауыш сынып оқушыларының еркін түрде тілдік қарым-қатынастарын дамытуда рөлдік ойынның алатын орны ерекше деп есептеуге болады.

Рөлдік ойын кезіндегі оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда сөздік қорларының да орны ерекше.

Оқушылардың диалогтік ортасын құруда кесте мазмұнының да алатын орны ерекше. Кестедегі түйін сөздердің көмегімен оқушы сұрақ қою арқылы диалогтік ортаға енеді. Осы жұмыстар нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.

Бұл әдіс оқушылардың диалогты қайталап айтуына мүмкіндік жасайды. Диалогпен жұмыс істеген кездегі қолданылған лексикалық материалдар оқушылардың сөйлеу тілінің белсенді қорына айналады. Жатталған диалогтар оқушылардың жаңа диалогтар құруының негізі бола алады.

Сонымен, қорыта айтқанда, мектепте өз бойында шәкірттеріміздің жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз ету. Оқушылардың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау ұстаздық міндет болып табылады.

Бастауыш мектептерде ағылшын тілін оқытудың мақсаты- оқушыларға шет елдік білім берудің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың жоғарғы деңгейіне жету жетістіктері, яғни оқушылардың шет елдік және өзге тіл өкілдерімен түсінісіп, еркін қарым-қатынас жасай алуы болып табылады.

Демек, бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым- қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, іскер азамат тәрбиелеп шығару арқылы коммуникативтік құзіреттіліктерін арттырудың тиімді жолында атқарар еңбектері әлі де алда.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Жұмабаев М. «Педагогика». – А., 1922. – Б. 42.
[2] Оразбаева Ф.Ш. «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі». – А., 2005. - 22-б.
[3] Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Ресми басылым. – Астана, 2006.

REFERENCES

- [1] Jumabaev M. «Pedagogika». (Pedagogy). – A., 1922.– p. 42 [in Kaz.].
[2] Orazbaeva F.Ş. «Tildik qatnas teoriyası jäne ädistemesi». (Theory and methodology of language communication). – A., 2005. - 22-p. [in
[3] Qazaqstan Respwblıkasınıñ memlekettik jalpıǵa mindetti bilim berwstandartı. - Resmı basılı. (State mandatory standard of education of the Republic of Kazakhstan. - Official publication). – Astana, 2006 [in Kaz.].

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ИНОЯЗЫЧНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Кунакова К. У¹., д. п. н., профессор

Ергазы А.А²., магистрант

^{1,2}КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казакстан e-mail:
e_symbat@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматривается коммуникативная компетентность учащихся начальных классов в предмете английского языка. Автор обращает внимание на современные технологии, используемые в формировании этих компетенций. Актуальность данной статьи заключается в том, что сегодня в системе образования рассматриваются эффективные пути повышения коммуникативных компетенций младших школьников на предмет английского языка. В статье проведен сравнительный анализ научно-исследовательской литературы по исследуемому вопросу, сделаны необходимые выводы о совершенствовании системы проектирования дополнительных подходов к данной проблеме и формирования коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: компетенции, методология, учащиеся начальных классов, коммуникация, коммуникация, толерантность, современные технологии, информатизация, информатизация образования, педагогическая диагностика.

WAYS TO IMPROVE FOREIGN LANGUAGE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Kunakova K.U¹., d.p.s., professor

Yergazy A.A²., master student

^{1,2}KazUIR&WL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail:
e_symbat@mail.ru

Abstract. This article discusses the communicative competence of primary school children in English. The author draws attention to modern technologies used in the formation of these competencies. The relevance of this article lies in the fact that today the educational system considers effective ways to improve the communicative competence of younger students in the subject of English. The article provides a comparative analysis of research literature on the issue under study, and makes the necessary conclusions about improving the design system of additional approaches to this problem and the formation of communicative competence.

Keywords: competence, methodology, communication, tolerance, modern technologies,

Informatization, education, pedagogical diagnostics.

Статя поступила 20.08.2020